



«31» 2023 ж.

«31» 2023 ж.

# Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Сынып: 2-3-4

**2023-2024 оқу жылы**

**2023-2025 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің  
үлгілік оқу жоспарының вариативті компоненті сағаттарын жүзеге асыру  
бағдарласының құрылымы**

Бастауыш білім беру деңгейінің оқытуы қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

1-сыныпта – 1 сағатты

2 сыныпта – 2 сағатты

3 сыныпта – 1 сағатты

4 сыныпта -1 сағатты құрайды.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, жазу және сөйлеуді дамытуға бағытталған.

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ( ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы; ҚР Оқу –ағарту министрінің 21.11. 2022 жылғы № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)

Оқу жоспарындағы вариативті компонент – білім беру ұйымына мектепті профильдеу бағытын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, оқушылардың қызуғушылықтары мен бейімділіктерін дамытуға, оларды әлеументтендіруге ықпал ететін компонент.

Вариативті компоненттің арқасында элективті курстар, таңдау пәндері жүзеге асырады. Білім алушыларды вариативті компонентте ерте бейіндеуді қамтамасыз ету үшін инвариантты компоненттен таңдау бойынша оқу пәндерінің комбинациясы қарастырылған.

Инвариантты және вариативті компоненттің жұмыс оқу жоспарының оқу жүктемесінің жалпы көлемі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес келу керек.

**«Математика негіздері», «Математика және логика», «Оқу, жазу және тіл дамыту»** бағдарламасы-бейіналды элективті курс ретінде бастауыш білім берудің маңызды мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда елеулі үлес қосады. Баланың математика пәнінде алған бастапқы білімін жетілдіріп, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады. Математикалық білімді өмірде қолданудың алғашқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұл курстың **өзектілігі** математикалық қызықты тапсырмалар мен логикалық ойындарды шешу, тіл дамыту арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерінің дамуына жаңа мүмкіндіктер туғызады. Бұл бейіналды курс тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына



бағыттылығы оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Бағдарлама бөлім бойынша жүйелі түрде берілгендіктен: білімін функционал-дық және шығармашылықта қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

Сонымен қатар, тіл дамыту, математика негіздері әр түрлі мәселелерге қатысты қалай әрекет ету жолдары мен проблемалық жағдаяттардан шығу жолдарын түсінуге, арифметикалық алгоритмдерді қолдану, логикалық ойлау дағдыларын дамыту, геометриялық құрылымдарды орындау және математикалық зерттеу жүргізу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қарқынды өзгеріп жатқан әлем жағдайында осы бағдарламаны оқыту оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне жағдай жасайды. XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында.

#### **Курстың мақсаты:**

- Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыра отырып, есептеу дағдыларын қалыптастыру;
- Тиімділік, нақтылықпен логикалық есептерді ретімен шығаруға дағдыландыру;
- Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен ақыл ой деңгейін қалыптастыру;
- Оқушыларды оқу курсының мазмұны арқылы пайымдау, шығармашылық тұрғысынан ойлау;
- Өз көз қарасын және өз ойын ашық айту;
- Өз ойларын ауызша және жазбаша еркін жеткізе білуге дағдылану;
- Теориялық білімдерін практика жүзінде ұштастыра білу;
- Өз қиялын ұштай отырып, сұрақ қоя білу;
- Өздігінен жұмыс істеуге, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

#### **Курстың міндеттері:**

- Логикалық ойлауды, кеңістік елестетуді және математикалық терминдерді кеңінен пайдалану біліктілігін дамыту;
- тапсырмалар орындау барысында шығармашылық, іскерлік қабілеттерін арттыру;
- Математиканың қоршаған болмысты танып –білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктерді қалыптастырып, шығармашылықпен жұмыс істейтін жеке тұлға тәрбиелеу;

- Өзінің математикалық білімі мен біліктерін басқа пәндерде меңгеруде, сонымен қатар күнделікті өмірде қалай пайдалану керектігін түсіну;
- Түсіну, түсіндіру, синтез, талдау, жүйелеу, қолдану және суреттеу дағдыларын дамыту;

#### **Оқыту тәсілі**

- Оқушыларды жекелей өздігінен жұмыс жасау дағдысына қалыптастыру;
- Шығармашылықпен, ойын әдістері арқылы жұмыс жасауға үйрету;
- Жеке және саралай оқыту тәсілін қолдану;
- Оқушылардың жетістіктерін бағалау арқылы олардың оқуына қолдау жасау тәсілі

#### **Жұмыс істеу формасы:**

- тілдесу, есеп шығару жолдарын қарастыр;
- қызықты есептер, ребустар құрастыру, жеке оқушымен жұмыс;
- зерттеу, жобалау әдістері;
- есеп шығарып жарыстыру;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- кітапханаларға бару, интернетпен жұмыс жасау.

#### **Математикалық логикаға негізделген есептер мынандай нәтижелерге қол жеткізеді.**

1. Өз ойын, көзқарасын түсіндіруге, дәлелдеуге үйренеді;
2. Қисынды ойлау қабілеттерін қызықты құрылған өрнектер, сөзжұмбақ, шытырман, сиқырлы шаршылар арқылы дамытады;
3. Ұшқырлыққа, уақыт үнемдеуге, шапшаңдыққа жаттығады;
4. Республикалық, халықаралық олимпиадаларда, зияткерлік білім сайыстарында жоғары нәтижені көрсетеді;
5. Өз ісіне сенімді, «Неге?» деген сұрақты қоя білетін және нық жауап бере алатын білімді, зерделі, болашақ дарын иесі қалыптасады.



## Математика негіздері

### Аптасына 1 сағат, жыл бойы 34 сағат.

#### Түсінік хат

#### Математика пәні бойынша факультативтік сабақтарды ұйымдастыру.

Бұл бағдарлама 3 сыныпқа арналған «105 сабақ» жұмыс дәптерін негізге ала отырып жасалған. Дәптерді құрастырған: Н.Ә. Жаманғараева, Ф.А. Асылбекова Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ Ғылыми кеңесі 27.06.2007 жылы бектікен. Ұсынылып отырған дидактикалық құрал бастауыш мектепте математиканы оқыту бағдарламасына сәйкес құрастырылған. Құралдағы тапсырмаларда оқулықтағы тақырыптар және оқулыққа қосымша дидактикалық материалдар қамтылған. Құралда сондай-ақ оқушылардың өздігінен орындайтын тест және баланы тез есептеуге баулитын «Кім жүйрік» жұмыстары бар. Тақырып бойынша құрастырылған тапсырмалар баланың ойын жүйелі дамытып оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Еңбек бастауыш сыныптардағы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту мақсатында жасалған.

Көмекші дидактикалық оқу құралы бастауыш сынып оқушыларының арасында математика пәнінен ұйымдастырылатын түрлі жарыс, сайыстарына дайындалуға көмектеседі.

Оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастыру арқылы алған білімін жоғары дәрежеде тиянақтап бекіту мақсаттары көзделген.

Жұмыс дәптері бірнеше жыл тәжірибеден өтіп, нәтижеге жетті. Әрбір мұғалім немесе баламен жеке жұмыс жүргізуге мүмкіндігі мол.

**Бағдарламаның мақсаты:** Әртүрлі тапсырмалар арқылы жеке тұлғаның өзіндік ойлау қабілетін дамыта отырып, байқағыштыққа, шапшандыққа, ойын еркін дәлелдеуге, ізденімпаздыққа үйрету.

**Бағдарлама міндеттері:** Есте сақтаудың түрлерін, қиял мен зейінді қалыптастыру және дамыту. «Жас математик» факультативінде оқушылардың бастауыш сыныптарда оқытылатын негізгі пәні математикадан алған білімдерін тереңдету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Өзінің даму деңгейіне сенімді болуға тәрбиелейді. Қорыта айтқанда, факультативтік сабақтарды ұйымдастыру барысында келесідей нәтижелерге күтіледі:

- |   |                       |
|---|-----------------------|
| ✓ Оқушының ой-өрісі дамиды.<br>қалыптасады.                     | Ойлау іскерлігі       |
| ✓ Ақыл- ойы жетіледі.<br>артады.                                | Есте сақтау қабілеті  |
| ✓ Қызығушылық қабілеті оянады.<br>қалыптасады.                  | Тіл, сөйлеу мәдениеті |
| ✓ Оқушы өз бетімен жұмыс жүргізуге дағдыланады.<br>жұмыстанады. | Шығармашылықпен       |
| ✓ Даму мониторингі айқын көрінеді                               |                       |



Математика негіздері

Аптасына 1 сағат, жыл бойы 34 сағат

2 сынып

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	2 «А»	2 «Ә»	2 «Б»
1	Екі таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру	1	1.09	4.09	7.09
2	Кім жүйрік? 5-сабақ	1	8.09	11.09	14.09
3	Масса және оның бірліктері. Литр. 6-сабақ	1	15.09	18.09	21.09
4	Кім жүйрік? 7 -8 - сабақ	1	22.09	25.09	28.09
5	Ондықтан аттамай ауызша қосу және азайту. 9-10 – сабақ	1	29.09	2.10	5.10
6	Кім жүйрік? 11-12 - сабақ	1	6.10	9.10	12.10
7	Тест жұмысы 13 - сабақ	1	13.10	16.10	19.10
8	Кім жүйрік? 14-15 - сабақ	1	20.10	23.10	26.10
9	Кім жүйрік? 16-сабақ	1	27.10	6.11	9.11
10	Екі таңбалы сандарды қосу және азайту 18-сабақ	1	10.11	13.11	16.11
11	Екі таңбалы сандарды қосу және азайту 19-сабақ	1	17.11	20.11	23.11
12	Кім жүйрік? 20-21 - сабақ	1	24.11	27.11	30.11
13	Кім жүйрік? 22 - сабақ	1	1.12	4.12	7.12
14	Кім жүйрік? 23-24 - сабақ	1	8.12	11.12	14.12
15	Жүз. Жүзбен санау. 25-сабақ	1	15.12	25.12	21.12
16	Кім жүйрік? 26 - сабақ	1	22.12		28.12



**Математика негіздері**  
Аптасына 1 сағат , жыл бойы 34 сағат.  
3 «Б» сынып

Сабақ тақырыбы		Сағат сан ы	Мерзі мі	Еск ерту
1	Мың көлеміндегі сандар 3-5 бет.	1	01.09	
2	Мың көлеміндегі сандар 6-7 бет.	1	08.09	
3	Бөлінді компоненттері 8-9 бет (3-ке 4-ке көбейту кестесі)	1	15.09	
4	Х-ті тап. Салыстырып байқа. «Кім жүйрік?» 11-13 бет	1	22.09	
5	Нәтиже сабақ. Тест № 1 14-16 бет	1	29.09	
6	Тендеулерді түсіндіріп шеш, көбейту кестесін пайдаланып тендеу шешу 17-19 бет	1	06.10	
7	Тендеу шеш. Есепте 21-22 бет	1	13.10	
8	Шығар. Тендеу шеш. Есепте. 23-26 бет	1	20.10	
9	Кім жүйрік? Тест № 2, 27-28 бет	1	27.10	
10	Тендікті жалғастыр. 29-32 бет	1	10.11	
11	Ауызша есептеп жаз. Кім жүйрік? Тест № 3 , 33-38 бет	1	17.11	
12	Өрнек құр , салыстыр. Жақшасы жоқ өрнектердегі амалдардың орындалу реті. 39-44 бет.	1	24.11	
13	Жақшасы бар өрнектердегі амалдардың орындалу реті. Кім жүйрік? Тест № 4, 45-50 бет.	1	01.12	
14	Кестені толтыр 51-56 бет	1	08.12	
15	8-бен 9 санына көбейту және бөлу кестесі 57-60 бет	1	15.12	
16	Кім жүйрік? Тест № 5, 61-62 бет	1	22.12	
17	Тендеуді тексеру арқылы шеш. Санды 10-ға және 100-ге қалай көбейтеді. 63-65 бет	1	29.12	
18	Көлем . Шкала бойынша тиісті сандарды қойып, мысалдарды орында 67-68 бет	1	12.01	
19	Өрнектерді жазып, оның мәндерін тап. 68-69 бет	1	19.01	
20	Дөңгелек сандарды көбейту. 71-72 бет	1	26.01	
21	Кім жүйрік? Тест № 6, 73-74 бет	1	02.02	
22	Дөңгелек сандарды бөлу 75-76 бет	1	09.02	
23	Қосындыны саңға көбейту 77-78 бет	1	16.02	
24	Көбейтудің мәнін тап . Кестені толтыр. 79-82 бет	1	23.02	
25	Ұзындық өлшем бірлігі. мм. 83-84 бет	1	01.03	
26	Тест № 7. Кім жүйрік? 85-86 бет	1	15.03	
27	Қосындыны саңға бөлу 87-89 бет	1	05.04	
28	Мысал шығаруда жіберілген қатені тап. 90-93 бет	1	12.04	
29	Ұзындық өлшем бірлігі. Км. Қалдықпен бөлу. 94-96 бет	1	19.04	
30	Тест № 8 , Кім жүйрік? 97-98 бет	1	26.04	
31	Сызба бойынша сандық сәуледе көрсет. Қалдықпен бөлуді орында 99-101 бет	1	03.05	
32	Баған түрінде есепте 102-104 бет	1	10.05	
33	Тест № 9 106-107 бет	1	17.05	
34	Логикалық тапсырмалар	1	24.05	



# Математика негіздері

Аптасына 1 сағат, жыл бойы 34 сағат

4 сынып

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі 4 «А»	Мерзімі 4 «Ә»	Ескерту
1	Натурал сандарды қосу	1	7.09	7.09	
2	Натурал сандарды азайту	1	14.09	14.09	
3	Натурал сандарды көбейту	1	21.09	21.09	
4	Натурал сандарды көбейту	1	28.09	28.09	
5	Натурал сандарды көбейту	1	5.10	5.10	
6	Натурал сандарды бөлу	1	12.10	12.10	
7	Натурал сандарды бөлу	1	19.10	19.10	
8	Өрнектер. Санды өрнектер	1	26.10	26.10	
9	Айнымалысы бар өрнек	1	9.11	9.11	
10	Айнымалысы бар өрнек	1	16.11	16.11	
11	Теңдік және теңсіздік	1	23.11	23.11	
12	Теңдік және теңсіздік	1	30.11	30.11	
13	Теңдеулер	1	7.12	7.12	
14	Теңдеулер	1	14.12	14.12	
15	Геометриялық фигуралар	1	21.12	21.12	
16	Бұрыш және оның түрлері	1	28.12	28.12	
17	Формулалар	1			
18	Формулалар	1			
19	Тік бұрышты параллелепедтің көлемі	1			
20	Қалдықпен бөлудің формуласы	1			
21	Қалдықпен бөлудің формуласы	1			
22	Уақыт өлшем бірліктері	1			
23	Уақыт өлшем бірліктері	1			





## 2-сабақ

### **Сабақтың барысы.**

#### **Ми гимнастикасы.**

#### **Ширату.**

Әкеңнің әкесі - (ата)

Әкеңнің анасы — (әже)

Жасы үлкен құрметті адам - (ақсақал)

Көрген білгені мол, көп жасаған ер адам — (қария)

Қартайған әйел адам - (кемпір, кейуана)

Қартайған ер адам - (шал, қарт)

**Тапсырма №1.** Суретті мұқият қара. Бұлттың үстіндегі ұшақты - көк қарындашпен, бұлттың астындағы ұшақты - жасыл, ал бұлттардың арасындағы ұшақты қоңыр қарындашпен боя.

Жауабы: Бұлттардың үстінде екі көк ұшақ. Бұлттардың арасында екі қоңыр ұшақ. Бұлттардан төмен (астында) үш жасыл ұшақ.

**Тапсырма №2.** Кажетті цифрды көк қарындашпен айналдырасыз.

340 пен 18-дің қосындысын тап: 484 143 358 534

940 пен 27-нын айырмасын тап: 230 967 524 913

436-дан 4-еуі артық санды тап: 332 440 746 30

736-дан 4-еуі кем санды тап: 540 834 732 243

Жауабы: 358, 913, 440, 732

#### **Бой сергіту.**

**Тапсырма №3.** Іңкәр ойыншықтарын сөреге орналастырды. Егер ол қуыршағын жоғарғы және төменгі сөреге қоймаса, зырылдауықты төменгі сөреге қоймаса, онда ол қонжықты қай сөреге қояды?

Жауабы: Іңкәр жоғарғы сөреге зырылдауықты, ортаңғы сөреге қуыршақты, төменгі сөреге қонжықты орналастырды.

**Тапсырма №4.** Шайбаны қақпаға апар.

Оқушылар қақпаға баратын шайбаның жолын сызып көрсетеді.

#### **Көзге арналған жаттығулар.**

«Көзді жыпылықтату». Көз ауруының барлық түріне пайдалы.

Дем алып, дем шығарған сайын көзіңді жыпылықтату.

**Тапсырма №5.** Дауысты дыбысты ауыстырып, жаңа сөз жаз.

Жауабы: сұр - сыр сән - сан

тап-теп жөн - жан

шөп - шап тоң - тан

**Тапсырма №6.** Суретті мұқият қара. Ойлан. Бұл не?

Жауабы: а) Ваннада шомылып жатқан қоян.

ә) Өткеншеkte отырған бала.

**Тапсырма №7.** а) Екі күн қатарынан қар жауа ма?

Жауабы: Жоқ. Өйткені екі күннің арасында түн бар.

ә) Қайында 50 жаңғақ өсіп тұр. Қатты соққан желдің әсерінен 10 жаңғақ үзіліп түсті. Қанша жаңғақ қалды?

Жауабы: Қайында жаңғақ өспейді.

б) Бір кісі кұйып тұрған жауынның астында қалды. Ол үйіне келгенде үсті малмандай су болды. Тек шашы ғана су болмапты. Себебі...

Жауабы: тақырбас



в) Әли мектепке келе жатып оң жағында орналасқан үйлерді санады. Үйдің саны 20 болды. Ол мектептен қайтып келе жатып сол жағындағы үйлерді санады. Үйлердің саны 20 болды. Әли неше үй санады?

Жауабы: 20 үй. Өйткені ол кешенің бір жақ бетіндегі үйлерді екі рет қайталап санады.

**Сабақты қорытындылау.**


С\ тақырыбы: Кел ойнайық!

С\ мақсаты: Ауызша тез санау қабілеттерін дамыту; қосу және азайту кестелерін жаттауға дағдыландыру; бірнеше сандарды ретімен қосуға үйрету.

С\ барысы:

**I. Қызығушылықты ояту.**

**1. Хатты қандай жәшікке саламыз?**



6+4+2	8+2+3	4+6+1	1+9+4	3+7+5	14 - 4+3
5+5+2	2+8+3	3+7+1	5+5+4	4+6+5	18 - 8+4
7+3+2	1+9+3	9+1+1	6+4+4	2+8+5	13 - 3+5



**II. Мағынаны тану. Математикалық санамақтар.**

Табақта 15 алма,

Қолымда 4 алма,

Барлығын қосқанда,

Болады неше алма?

Екеуін бердім апама,

Екеуін бердім атама,

Үшеуін алды інім,



## Математика 3-сынып

**Сабақтың тақырыбы:** Кім жүйрік?

**Сабақтың мақсаты:** Есептеу дағдыларын жетілдіру.

Ойын, тілін, танымдық қабілетін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, білімдерін нақтылау. Ұқыптылыққа, тәртіптілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

**Сабақтың барысы:**

### I. Қызығушылықты ояту

«Миға шабуыл» ойыны

- Құстарға арналған үй? (ұя)

- Ең үлкен 1 таңбалы сан? (9)

- 1 тәулікте неше сағат бар? (24)

- 1 ғасырда неше жыл бар? (100)

- Ең кіші натурал сан? (1)

- 1 сағ неше минут бар (60 мин)

- Бүгін нешесі

- Балаларды оқытып, бірдеңеге үйрететін жер? (мектеп)

### II. Мағынаны тану

№1

Теңдік тура болатындай жақшаларды қой:

$$16:2+5-3=4$$

$$19+1:4=5$$

$$19-13+8=14$$

$$25-20:2+8=7$$

$$21-3+24-4=38$$

$$43-20+7=16$$

№2

Өрнекті құрып мәнін тап:

125- пен 456-ның қосындысынан 200-ді азайт

10-мен 2-нің бөліндісін 8-ге көбейт

158-пен 369-дың қосындысына 123-ті қос

24-пен 3-тің бөліндісін 2-ге көбейт

№3

Есептеу жылдамдықтарын арттыру үшін мынадай тапсырмалар ұсыну керек.

Санды 2 санға жіктеп жаз, ол сандардың біреуі берілген.

$$340=240+\square$$

$$570=270+\square$$

$$100=50+\square$$

$$231=201+\square$$

$$190=140+\square$$

$$440=220+\square$$

№4

Мына сандарды өсу ретімен жазу ұсынылады:

720

900

515

598

342

438

226

614

№5

Ең кіші үш таңбалы сан - -----

Ең үлкен екі таңбалы сан - -----

Ең үлкен үш таңбалы санның алдында тұрған сан - -----

600 санынан кейінгі сан - -----

498 бен 501 сандарының арасында тұрған сандар - -----

№6

Артық санды табыңыз: 30, 28, 24, 21, 18, 15.

### III Ой толғаныс: Мадақтау

### Математика 3-сынып

**Сабақтың тақырыбы:** Өрнек құр, мәнін тап

**Сабақтың мақсаты:** Өрнек құрай білуге үйрету. есептеу дағдыларын, тірек білімдерін жетілдіру. Өз бетінше жұмыстануға, алған білімдерін шығармашылық деңгейде қолдана білуге үйрету. Жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, қайталау.

**Сабақтың түрі:** ойын сабақ

**Сабақтың барысы:**

#### I Қызығушылықты ояту

Психологиялық дайындық

#### II Мағынаны тану

№1

Өрнек құр, мәнін тап

100 бен  $a$ -ның айырмасына 215-ті қос.  $a=78, 45$

52-мен 136-ның қосындысынан  $a$ -ны азайт.

$a=66, 110$

№2

Теңдеуді шеш

$$x-3=5$$

$$x+4=12$$

$$21:x=7$$

$$4 \cdot x = 12$$

№3

Салыстыр

$$4\text{м}2\text{дм}3\text{см} * 523\text{см}$$

$$7\text{дм}8\text{см} * 7\text{м}2\text{см}$$

$$a-8 * a-28$$



$$46-b * 57-b$$

$$a:4 * a:8$$

$$48:b * 40:b$$

№4

Суретте 16 сіріңкеден 5 шаршы құрастырылған. 4 шаршы болатындай 3 сіріңкенің орнын ауыстыр.



№5

Жоғалған санды тап

$$34 * + 1 * 5 = * 37$$

$$* 46 - 2 * 7 = 62 *$$

$$* 46 - 2 * 7 = 62 *$$


$$87 * - 3 * 5 = * 45$$

#### III. Толғаныс: Мадақтау



### Теңдеу құрып шығаруға арналған логикалық тапсырмалар

1. Асқар бір сан ойлады. Ол оны 8-ге көбейтті, көбейтіндіден 36-ны шегерді. Айырмасы 76-ға тең болды. Асқар қандай сан ойлады?  
Жауабы: А) 17    В) 12    С) 16    Д) 14  
Дәлелде:.....
2. Бір санды 2-ге бөліп, алынған бөліндіні 3-ке көбейткен. Шыққан көбейтіндіге 4-ті қосқанда 19 шыққан. Бастапқы сан қандай болған?  
Жауабы:.....  
Дәлелдеме:.....
3. Оқушы бір сан ойлады, осы санды ол 9-ға көбейтті және шыққан нәтижеге 40-ты қосты, сонда 76 шықты. Оқушы қандай сан ойлады?  
Жауабы                    А) 4    В) 12    С) 6    Д) 2  
Дәлелде:.....
4. Теңдеуді шеш:  $32-(x+8):4=27$   
Жауабы:                    А) 7    В) 9    С) 12    Д) 4  
Дәлелде:.....
5. Оқушы бір сан ойлады, осы саннан ол 91-ді шегеріп және шыққан айырмаға 37-ні қосты, сонда 46 шықты. Оқушы қандай сан ойлады?  
Жауабы                    А) 18    В) 100    С) 110    Д) 105  
Дәлелде:.....
6. Теңдеуді шеш:  $20:(32-4x)=5$   
Жауабы                    А) 7    В) 9    С) 14    Д) 4  
Дәлелде:.....
7. Егер ойлаған саннан 124-ті шегеріп және шыққан айырмаға 108-ді қосса, онда 120 шығады. Ойлаған сан қандай?  
Жауабы                    А) 136    В) 124    С) 108    Д) 164  
Дәлелде:.....
8. Теңдеуді шеш:  $32-(x+8):7=24$   
Жауабы:                    А) 48    В) 9    С) 14    Д) 4  
Дәлелде:.....
9. Егер 324 санынан белгісіз санды шегеріп, шыққан нәтижені 243 санынан кемітсе 31 шығады. Ойлаған сан нешеге тең?  
Жауабы                    А) 112    В) 124    С) 86    Д) 102  
Дәлелде:.....
10. Теңдеуді шеш:  $72-x=663:17$ ;  
Жауабы:                    А) 7    В) 9    С) 33    Д) 42  
Дәлелде:.....
11. Бірнеше бала балық аулады. Барлығы 126 балық ұстады. Егер олардың үшеуінен басқасының барлығына 12 балықтан, ал үшеуіне 18 балықтан тиген болса, балалар нешеу болған?  
Жауабы: .....



Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

5. Тік төртбұрыш формалы торғты 4 бөлікке екі кесік арқылы бөлді. Олардың екі бөлігі төртбұрыш формалы, екеуі үшбұрыш формалы. Бөліп көрсет.

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

6. Шаршыға екі түзу жүргізіп, қалай 2 үшбұрыш және бір бесбұрыш шығаруға болады?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

7. Периметрі 18 см тіктөртбұрыштың бір қабырғасы екіншісінен 2 есе ұзын. Тіктөртбұрыштың әр қабырғасының ұзындығы қанша см?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

8. Төртбұрыш формалы бөлменің қабырғасына 6 орындықты әр қабырғасына бірдей етіп қалай орналастыруға болады? / суретін салып, орындықтардың орналасуын нүктелер арқылы көрсет/

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

9. Төртбұрыш формалы бөлменің қабырғасына 7 орындықты әр қабырғасына бірдей етіп қалай орналастыруға болады?

/ суретін салып, орындықтардың орналасуын нүктелер арқылы көрсет/

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

10. Төртбұрыш формалы бөлменің қабырғасына 8 орындықты әр қабырғасына екі орындықтан қоятын етіп қалай орналастыруға болады?